

**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті**  
**«Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бойынша**  
**ЖОО-ның үйлестіру кеңесінің №1 отырысының**  
**№1 ХАТТАМАСЫ**

«11» 06 2019 жыл

**Қатысқандар:** ЖОО үйлестіру кеңесінің төрағасы: Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы – ҚазМҚПУ, «Педагогика және психология» факультетінің деканы;

**Кеңес мүшелері:** Таженова Гульнара Батырбаевна – Павлодарский Государственный педагогический университет; Дәрібаева Сандигүл Құлаханқызы – Кызылординский Государственный университет им. Коркыт ата; Нұрғалиева Ұлмекен Сатымқызы – ҚазНПУ им. Абая; Ахметова Айгул Игеновна – ҚазНПУ им. Абая; Ширинбаева Гүлмира Қойбағарқызы - ҚазНПУ им. Абая; Молбасыновна Жумакул Маратовна – Государственный университет им. И.Жансугурова; Калиева Гульсара Исламгазиевна – Институт гармонизации и развития человека «Бобек»; Джубатова Луиза Сатылгановна - Институт гармонизации и развития человека «Бобек»; Кертәева Калиябану Махметовна – ЕНУ; Аринова Бакыт Айтуовна – әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті; Санай Гаухар Ералықызы – Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті; Сахиева Фарида Абубакировна – М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік университеті; Сүлеймен Мадина Маратқызы - М.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік университеті; Токкулинова Гульнара Казтаевна – Қазақ спорт және туризм академиясы; Таубаева Шаргүл; Бижигитов Темирхан – Тараз...; Бекболғанов Ерік Жұмабайұлы – «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы; Туебакова Нурсулу Ашимовна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы; Караева Тилеужамал Наршаевна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы; Абеуова Игайша Аблезовна – «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы; Токтагулова Гаухар Бекеновна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы; Салғараева Гулаим Ибрагимовна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы;

**Кеңес хатшысы:** Токтагулова Гаухар Бекеновна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының аға оқытушысы;

**Қатыспағандар:** Жүніс Қайрат Әлішерұлы - ҚазМҚПУ оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі проректоры; Балажанова Қымбат Мағитаевна - академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры; Оразаева Гульжан Сериковна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының меңгерушісі; Мажитова Сауле Сериковна - Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті; Калачаева Ирина Владимировна - «Бобек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы; Жапаров Ельнур Жумаевич – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерватория; Токтасынова Асылзат Ғалымжанқызы – Қазақ спорт және туризм академиясы; Скакова Райхан Абдиқаримовна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы; Бейсембаева Кенже Догаровна - «Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасы.

**Күн тәртібінде:**

1. Оқулық, оқу әдістемелік құралдарын дайындау туралы;
2. Студенттердің рухани адамгершілік білімге қарым-қатынасы;
3. Ұсыныстар бойынша өзара пікір алмасу;
4. Басқа оқу орындарымен бірігіп оқу құралдарын дайындау туралы;
5. Әр түрлі мәселер;
6. Координациялық кеңестің қорытындысы.

**Тыңдалды: Кеңес төрағасы Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы: Құрметті кеңес мүшелері!**

*Бүгінгі отырыста тақырыптық жоспарға сәйкес:*

1. ЖОО адамгершілік рухани білім беруді жетілдіру бойынша стратегиясын қарастыру.

2. ЖОО «өзін-өзі тану» пәні бойынша педагог кадрларды дайындау бойынша жұмыста негізгі басымдылықтарды анықтау, іс-әрекеттерді талдау, толықтыру
3. Өзін-өзі тану пәні бойынша кадрлар дайындау ғылыми әдістемелік материалдарды құрастыру жоғарғы оқу орындарымен бірлескен іс-шараларды үйлестіру және орындау.
4. ЖОО педагогтардың біліктіліктерін көтеру.
5. Республикалық пәндік олимпиада ұйымдастыру
6. 018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша мамандарды дайындау, білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды дайындауда іс-әрекеттерді үйлестіру мәселелері бойынша, республикалық оқу әдістемелік бірлестікпен өзара әрекеттесіп бірлестікте шешу.

Осы кеңесті кемінде жылына екі рет өткізу. 2019-2020 жылдарға арналған. Жоспардың жобасы талқыланды және жоспарланған үйлестіру кеңесінің ең бірінші кеңесі өтіп отыр. Үйлестіру кеңесінің проєктісінің жобасында 2019-2022 жылдарға арналған өзін-өзі тану адамгершілік рухани білім беру бағдарламасының жүзеге асыру бойынша ҚР білім және ғылым министрлігінің іс-шаралары жоспарға сәйкес мәселелер енгізілген. Бірінші кезекте, Бөбекпен бірге бірлесіп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен ЖОО арналған бірқатар әдістемелік ұсыныстар құрастыруға, оның ішінде оларды құрастыратын авторлық ұжымды құруға байланысты болады.

Екінші, ЖОО өзін-өзі тану пәні бойынша мұғалімдерді дайындау мәселесі бойынша да жүйелі талдау жұмыстары жүргізіледі. Үшіншіден, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандықтарын даярлау бағыты бойынша, білім беру бағдарламасы жетілдіру, осы мәселелер қарастырылады. Осы ережені бекіті үшін бәрі келісімін берді. Ережеге сәйкес бір жылдық жоспар белгіленді.

**Калиева Гульсара:** Өзін-өзі тану пәнін барлық педагогикалық мамандықтарға қосу керек. Бұл координационный кеңесте айтылған проблемаларды ғана емес, өзін-өзі тану мәселелерін шешу керек. Өзін-өзі тану қазіргі кезде тек мектептерде ғана кездеседі оны ЖОО-на енгізу керек.

**Нұрғалиева Ұлмекен Сатымқызы:** Мен Абай атындағы педагогикалық университеттен келдім және менде бір сұрақ бар. Сізге қазір университеттеріңізде «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бар және бұл мамандық біздің университетімізде сіздердің базаларыңызға сәйкес құрылған. Енді менің сұрағым: РУМС-ың функциясы осы бүгінгі координациялық кеңеске қатысы бар ма?

**Сайра Нағашыбайқызы:** Жаңа баяндамада айтылғандай РУМС-ың функциясы басқа. Себебі қазіргі таңдағы рухани жаңғыруға байланысты тәрбие мәселесі айтылды, және өзін-өзі тану мамандығына байланысты мәселелер кездеседі. Соның негізінде министрліктен осы мамандық бойынша үйлестіру кеңесін құруға байланысты ұсыныс түсті. Сондықтан осы мақсатта ашылды. Бүкіл ЖОО авторлық ұжымын қарастырамыз. Қандай оқулық керек, қандай оқу құралы керек сияқты мәселелер қарастырылады. Мен бұны қажетті деп ойлаймын.

**Молбасыновна Жумакул Маратовна:** Менің сұрағым заңды деп ойлаймын, себебі бұл екі бөлек ұйым. Кеңестің басында осы бағытты нақтылап алғым келіп отыр. Екіншіден оқу-әдістемелік бірлестікпен осы кеңестің жұмысы бір-біріне ұқсайды.

**Нұрғалиева Ұлмекен Сатымқызы:** Мәселе мынада, бұл үйлестіру (координациялық) кеңес консультативті-кеңесу болып табылады.

**Калиева Гульсара Исламгазиевна:** Әрбір ЖОО оқулықтар жеткіліксіз, біз көбіне «Бөбек» оқулықтарын қолданамыз бірақ ол мектеп бағдарламасына арналған. Сондықтан барлық ЖОО-да ортақ бір кітап керек, бұл біздің мамандығымыздың әлеуетін көтереді.

**Таженова Гульнара Батырбаевна:** Бұл ұйым мақсатты түрде құрылған және мен бұл кеңесті қолдаймын. Іске сәт!

**Нұрғалиева Ұлмекен Сатымқызы:** Осы білім мазмұны ЖОО ғылыми негізделіп, принциптері анықталып соған жауап беретіндей адам болса, сонда оқулық жазуға да экспорттауға да болады.

**Гаухар Бекеновна:** Сәлеметсіздер ме құрметті профессор-оқытушылар және арнайы келген қонақтар! Біздің ҚазМемҚызПУ-да алғашқы өтіп жатқан үйлестіру кеңесіне қош келдіңіздер! Біз сіздерге бүгін ЖОО-да өтілетін өзін-өзі тану пәні бойынша «Арнайы және

алеуметтік педагогика кафедрасының» білікті мамандарымен бірге курстың тематикалық тақырыптарын ұсынғымыз келіп отыр. 2019-2020 сынақ курсты өткізгенімізбен, 2022 жылға дейін курсты өткізу барысында қосымша ұсыныстарыңызды, қосатын өз ойларыңызды айтсаңыздар болады. Сіздерге курстың тематикалық тақырыптары пошталарыңызға жіберілген. Курсқа қатысқан оқытушыларға міндетті түрде соңында курстың сапалық деңгейін жоғарылату мақсатында жылына бір рет сауалнама жүргізу керектігін ұсынамыз. Бұл 72 сағаттық курс. Осы курсты білікті өзін-өзі тану мамандарын соның ішінде Бобектен дәріс оқуға шақырамыз

**Кертаева Калиябану Махметовна:** Осыған байланысты өз ұсынысымды атап өтейін:

**1-бөлімде :** Оқулықтарда Назарбаев мектебінің бағдарламасымен салыстыра отырып сәйкестендіретін пәндердің құндылықтарын қалай оқытуды қысқаша айтсақ.

Өзін-өзі тануды оқытуда қарым-қатынас психогигиенасының мәнін қарастыру, өйткені ол бізге қажетті нәрсе деп ойлаймын және осыны ұсыныс ретінде қостым.

**Ширинбаева Гүлмира Қойбағарқызы:** Сәлеметсіздер ме! Бұл координациялық ұйым сәтті құрылған. Отбасы үшін де бүкіл әлем үшін де өте маңызды және ұсыныстар өте жақсы деңгейде, тән ризамыз. Қазір курсты жүзеге асырып жатырмыз. Сана өзгермей рухани адамгершілік білім беру жобасы іске асырылмайды. Ұсыныстарды тренерлер жүзеге асырса сіздердегі интеграция мәселесі ашылады. Себебі географ, химик мамандарының кафедрасы оқытылса, олар кейін өз сабақтарына кірістіріп оқытады деп ойлаймын.

**Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы:** Өздеріңіздің вуздарыңызда қанша сағат өткізіледі? Егер тақырып күрделі болса 36 немесе 72 сағаттан басталуы қажет. Одан кейін 240 сағатқа көшесіздер. Ал олимпиаданы айтатын болсақ олимпиаданы Бөбек емес ВУЗ шешеді. Олимпиада да ғылыми жобаға назар аудару керек. Осыған байланысты барлық вуздарға хабарласып, рекомендация алу керек.

**Ширинбаева Гүлмира Қойбағарқызы:** пилотты мектептерге педагогикалық практикада Бөбекпен келісім жасау керек.

**Бекболғанов Ерік Жұмабайұлы:** Құрметті оқытушылар мен әріптестер! Кеңестің мақсаты біздің мамандықты бірізділік пен жүйелілікпен дамыту. Осы мамандыққа байланысты өздеріңіздің ұсыныстарыңызбен қандай да бір әдебиеттеріңіз болса бізге жіберіңіздер, ұсыныстарыңызды жоспарға енгізіп қарастырамыз.

**Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы:** Сіздерде қандай әдебиеттер авторларының тізімі бар? Соны екі хатшы почтасын алып жіберіңіздер, қараша желтоқсан айларында қаралады. Докторлық диссертация осы жерде қаралу керек деп ойлаймын.

**1. Калиева Гүльсара Исламгазиевна:** Өзін – өзі тану барлық мамандықтарға керек, себебі рухани адамгершілік білімді дамытсақ, келешек ұрпақтың дұрыс әрекет жасауының күәсі боламыз. Өзін – өзі тануды пән ретінде қарамай ұғым ретінде қараса. Өзін-өзі тану барлық мамандықтарға керек

**Ширинбаева Гүлмира Қойбағарқызы:** Методологияны күшейту керек, қазіргі кезде оқулықтар өте аз, мамандардың құзырлығы жетпейді. Өзін – өзі танымай, кемелденбей экономиканы дамыту мүмкін емес. Өзін – өзі тануды барлық педагогикалық мамандықтарға енгізу керек. Өзін – өзі тануды пән ретінде қарамай ұғым ретінде қараса. Әлеумет адамдардан тұрады адамды тану деген сияқты.

**Ахметова Айгүл Игенқызы:** Дипломдық жұмысты реттеу керек, Жоба жасау реттеу ережелерді бекіту. Практикадағы мәселелер басқа мамандықтарда мектепке барғанда оөт пәнінен сабақ берді. Неге барлық мамандықтарда өзін – өзі тану оқытылмайды.

**Жиенбаева Сайра Нағашыбайқызы:** Келгендеріңізге көп рахмет, көп нәрсенің басын аштық деп ойлаймын, осы бастаған ісіміздің жемісін көрейік!

2019-2020 жылына "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының үйлестіру кеңесінің жұмыс жоспарының тематикалық тақырыптарына Кертаева Калиябану Махметовнаның ұсынысы бойынша, 1 бөлімді «Қазіргі білім беру кеңістігінің ізгілендірудің жаңа бағыттары, белсенді оқыту және оқу әдіс-тәсілдері» деп өзгерту қоғам талабы. Өйткені, НЗМ оқыту бағдарламаларында осы мәселеге аса мән беріледі. Сондықтан, «Өзін-өзі тану» пәнін құндылықтар негізінде НЗМ оқыту бағдарламаларымен меңгергенде тиімді болмақ.

*Белсенді оқыту:*

- ✓ Білім алушыларға жалпыадамзаттық құндылық мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.
  - ✓ Жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады.
  - ✓ Қателіктер анықталса, білім берушілерге өзіндік тексеру арқылы, түсініктерін жетілдіруге жол ашылады.
  - ✓ Нәтижесі – терең ойды жандандыратын білім;
  - ✓ Көзқарасты өзгертеді.
1. Жалпыадамзаттық құндылықтарға байланысты (6,7,8,9,10,11 бөлімдер) тақырыптар «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы ұсынған оқулықтарда (ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау) реттілігімен берілгендіктен, жүйелілік осы ретте берілсе, оқытушыларға силлабус жазғанда және студенттерге мазмұнын түсіндіргенде де тиімді болмақ.
  2. 6-7 бөлімдер жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеріп болғаннан кейін берілгені дұрыс. Өйткені, күтілетін нәтижелер ойлау деңгейіне байланысты әрекеттермен айқындалады, сондықтан бұл тақырыптар 12-13 бөлімге ауыстырылғаны тиімді болмақ.
  3. 14 бөлімдегі «Оқудан тыс іс-шаралардың проектісі» тақырыбын, «Оқудан тыс іс-шараларды шығармашылықпен ұйымдастырудың жаңа формалары» деп, өзгертілсін.

**Ескерту айтқандар:** Л.Н.Гумилев табындағы ЕҰУ, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы, П.ғ.д.ғ., Шалғынбаева Қ.Қ., п.ғ.д, профессор Кертаева Г.М., п.ғ.к., профессор: Жұмабекова Ф.Н., п.ғ.к., доцент Омарбекова А.И., п.ғ.к., доцент Щолпикулова Г.К.

#### **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Курс сағаты 36 немесе 72 сағаттан басталу керек.
2. Олимпиаданы Бөбек емес ВУЗ шешеді.
3. Барлық вуздарға хабарласып, рекомендация алу керек. (вуздарға талап қойып, ғылыми жоба және әлеуметтік жоба маңызды болу керек.
4. Ғылыми жоба мен әлеуметтік жобаны күшейту керек.
5. Әр ЖОО-н бір-бір кеңес мүшесі келу керек.
6. Мектеп іс – тәжірибесін басшылыққа алу керек.
7. Пилотты мектептерге педагогикалық практикада Бөбекпен келісім жасау керек.
8. 8пункт бойынша ОӘЖ өзгеріс енгізу керек
9. Оқу – әдістемелік эксперименттік топ бойынша вуздарға таблица жіберу және 2 ақпаратты хатшы тағайындалсын. Әдебиеттер авторының тізімі енгізілсін.
10. Образовательная программа 50/50 әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану және бағдарламаға срок берілсін.
11. Методологияны күшейту керек және өзін – өзі тануды барлық педагогикалық мамандықтарға енгізу керек.
12. Жоба жасау реттеу ережелерді бекіту.
13. Келесі кеңес қараша айында болсын.

**Қаулы бір ауыздан қабылданды.**

**Қалыс қалғандар:** жок.

**Кеңес төрағасы:**

**Кеңес хатшысы:**



**Жиенбаева С.Н**

**Токтагулова Г.Б**